

# ПЕДАГОГИКА

ӘОЖ 37.035.6:512.1

**Дүйсенбаев А.Қ., Тоқбасова А.С.**

*«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы,  
Ақтөбе облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін  
арттыру институты*

## БЕЙІНДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

**Андатпа.** Аталған мақалада бейінді оқытудағы тұлғалық-бағдарлы білім берудің педагогикалық негіздеріне жан-жақты түсінік беріледі.

*Кілт сөздер:* тұлғалық-бағдарлы білім беру, тұлғалық-бағдарлы оқыту, тұлғалық-бағдарлы ізгілік қатынас

Қазіргі кезде бейінді оқытудағы тұлғалық-бағдарлы білім берудің педагогикалық негіздеріне – тұлғаны қалыптастыру, дағдысы мен іскерлігін, дара психологиялық қасиеттері мен оның шығармашылдық қабілетін дамыту мен жүзеге асыру білім беру жүйесінің басты мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту бағдарламасында: «Қазіргі жалпы білім беретін мектептегі оқытудың мазмұны фактология күйінде қалып отыр, пәндік тәсілге негізделген мемлекеттік стандарттар моральдық тұрғыдан ескірген. Оқушының даралығына бағдарланған білікті көзқарас жоқ. Мектепте оқушының өмірлік жолын, мүдделері мен перспективаларын таңдауына нақты дәлелдемелер бермейді. Орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» қажет делінген [1].

Демек, қазіргі білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім берудің мазмұнын жетілдіру болып табылады. Оның негізі жаңа білім беру парадигмасы негізінде жеке тұлға бойындағы ашылмаған, сыры мол мүмкіндіктерді дамытудың бастау көзі – шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру мәселесі және адами құндылықтар өзінің тамырын адамзат дамуы тарихының тереңінен алады.

Білім берудің мазмұны оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап білім, тәжірибе және қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталған. Білімге бағытталған оқытудан құзыретті, тұлғалық-бағдарлы білім беруге көшу білім берудің мазмұнында экономикалық, саяси, құқықтық, дене, коммуникативтік мәдениет компоненттерінің, сонымен бірге, еңбек, салауатты өмір салтын ұстану, өмір қауіпсіздігін сақтау мәдениетінің көрініс табуын белгілейді. Осы міндеттерге сәйкес мектептердің басты мақсаты – оқушының өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру, баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру болып табылады. Мектепте әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Оқыту үрдісі

барысында әрбір баланың даралығын жетілдіру мектепте тұлғалық-бағдарлы білім беруді ұйымдастыруды қажет етеді. Мұндай, білім берудің мазмұнына, оқыту технологиясына өзгеріс енгізу қажеттілігінің бір көрінісі болады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мектептің педагогикалық процесіне көптеген оқытудың түрлері енгізілуде. Солардың бірі – тұлғалық-бағдарлы тұрғыдан оқыту технологиясы болып табылады. «Тұлғалық-бағдарлы білім беру» ұғымы қазіргі уақытта кеңінен қолданылады. Яғни, оқыту түрін жан-жақты зерттеп, оның теориялық-әдіснамалық негізін жасау - біздің міндетіміз болып табылады. Мұны біз ізгіліктік педагогикасы, тұлғаға деген қызығушылық, оқушының сұранысына бағытталу, жалпыадамзаттық ізгіліктік, рухани құндылықтарға бетбұрыс жасау – қазіргі қоғам мен білім беру жүйесінің даму бағыттары болып табылады. Бүгінгі мектептің мақсаты – өзінің үздіксіз білім алуына және өз бетімен дамуына бағытталған азаматты тәрбиелеу. Сондықтан, өмірде өз орнын анықтай алатын, білімі арқылы мүмкіндіктерін жүзеге асыра алатын, дербес, белсенді, үнемі даму үстінде болатын шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу үшін инновациялық технологиялық зерттеулерді қажет етеді. «Тұлғалық-бағдарлы білім беру», «тұлғалық-бағдарлы оқыту», «Тұлғалық-бағдарлы ізгілік қатынас» т.б. ұғымдарының түсіндірмесінде әр алуан пікірлер кездеседі. Мұндай пікірлердің көптігі былайша түсіндіріледі: кез-келген оқытудың түрі тұлғаны дамытуға бағытталған, яғни олардың әрқайсысын тұлғалық-бағдарлы оқыту деп тануға болады. Бүгінгі таңда оқытудың түрлі модельдері мен технологиялары жасалуда. Олардың әрқайсысы «тұлға», «тұлғаның дамуы», «тұлғалық-бағдарлы білім беру» ұғымдарын өз бетінше түсіндіреді. Тұлғалық-бағдарлы білім берудің орталығы тұлға болып табылады. Осы білім беру парадигмасын жасау үшін тұлға ұғымына анықтама беріп, оның құрылымын белгілеу қажет. Тұлғалық-бағдарлы білім беруді ұйымдастыру үшін «тұлға» ұғымының мәнін ашудың маңызы мынада: тұлға, оның құрылымы, қасиеттері, даму механизмі жайындағы түсініктер оқушылардың шығармашылығын дамытуда тұлғалық-бағдарлы ортаны ұйымдастыруда аса қажет. Сондықтан «тұлға» ұғымын жан-жақты түсінік беріледі. Ғалымдардың зерттеулерінде, тұлға – психология және педагогика ғылымдарының іргелі ұғымдарының бірі. «Тұлға» ұғымының психология ғылымындағы теорияларға шолу жасайтын болсақ, Отандық және шетелдік психология және педагогика ғылымдарында түрлі тұлға теориялары қалыптасқан. Олардың әрқайсысы тұлға ұғымын және оның құрылымын түрліше түсіндіреді. Мысалы, Іс-әрекеттік тұлға теориясы (С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, К.А.Абульханова-Славская) тұлғаның орталығы, оның даму көзі – іс-әрекет, бұл субъектінің қоғаммен өзара әрекеттесуінің күрделі динамикалық жүйесі, оның барысында тұлғаның қасиеттері қалыптасатынын негізге алады. Іс-әрекеттік тұрғы аясында тұлғаның 4 компонентті моделі белгіленген. Тұлғаның басты құрамдас бөліктері: бағытталуы, қабілеттер, мінез-құлық және өзін-өзі бақылау болып табылады. Шетелдік психолог ғалымдар тұлға теориясын төмендегіше зерттеуге арнаған:

- психологиялық-динамикалық (З.Фрейд);
- аналитикалық (К.Юнг);
- ізгіліктік (К.Роджерс, А.Маслоу);
- когнитивті (Дж.Келли);
- іс-әрекеттік (А.Бандура, Дж.Роттер);
- диспозициялық (Э.Кречмер, Г.Айзенк, Г.Олпорт).

Осы зерттеулерге сәйкес, К. Роджерс тұлғаны: ұйымдасқан, ұзақ мерзімді, субъективті қабылдайтын мән деп түсінік береді. Ал, Г. Олпорт тұлғаға мынадай анықтама береді: тұлға – бұл адамның дүниемен өзара әрекеттесуінің сипатын беретін ішкі «бірнәрсе». Ал Э. Эриксон түсінігінде индивид өмір бойы психологиялық-әлеуметтік дағдарыстар қатарынан өтеді, және оның тұлғасы дағдарыстың нәтижелік қызметі түрінде көрінеді. Көрнекті психолог Дж. Келли тұлғаны әрбір индивидке тән өмірлік тәжірибені

ұғынудың ерекше тәсілі деп түсіндірген. Біздің түсінігімізше, жеке тұлғаның маңыздылығы оның қасиеттері мен іс-әрекеттерінде қоғамдық өркениеттің тенденцияларының, әлеуметтік белгілер мен қасиеттердің айқын және спецификалық көрініс табуы арқылы, оның іс-әрекетіндегі шығармашылық қасиетінің деңгейі арқылы анықталады.

Жалпы «Тұлға» ұғымын философия, психология, педагогика, т.б. гуманитарлық ғылымдар негізінде терең зерттелуде. Ұғымды түсіндіруде психологияда бірнеше бағыттар бар: әлеуметтік-генетикалық, биологиялық-генетикалық және психогенетикалық. Әлеуметтік-генетикалық тұрғыдан тұлғаның ерекшеліктерін қоғамның құрылымы, әлеуметтенудің тәсілдері, қоршаған ортамен қарым-қатынасы арқылы түсіндіреді. Әлеуметтану теориясына сәйкес, адам биологиялық түр ретінде дүниеге келіп, өмірдің әлеуметтік жағдайларының әсерінен тұлға ретінде қалыптасады. Демек, тұлға – жеке адамның мақсатының орындалуы, ерік-жігерінің іске асуы, өзі жөніндегі ойын, еркін іске асыруға дайындығы және оны іске асыруының нәтижесі. Ерік-жігер механизмі дегеніміз – адамның өзіне тән қасиеттерін іске асыруы. Адам ойына келген іс-әрекетті іске асыруда ерікке жол береді. Жеке тұлғаға тән еңбек және моральдық белсенділік дәрежесі бойынша адамның қоғам мен ұжым үшін жарамдылығын жете анықтау мұғалімнің басты міндеті. Белсенділік – адамның іс-әрекеті үстіндегі жағдайын айтады. Тіршілік және іс-әрекеттері барысында адамның қарым-қатынас жасау, таным және өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігі дамиды. Тұлғаның қалыптасуы бұнда білім мен дағдыны меңгеру, үйренудің нәтижесі (Э. Торндайк, Б. Скиннер және т.б.). Олар тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқын адамның сол ортаға бейімделуіне мәжбүр болатын ортаның өзінде жинақталған қасиеттері көмегімен түсіндіреді. Биогенетикалық тұрғыдан тұлғаның даму негізіне ағза жетілуінің биологиялық үрдістері салынған (С. Холл, Э. Кречмер, З. Фрейд және т.б.). Психогенетикалық тұрғыдан биологиялық та, ортаның мәнін де жоққа шығармайды, бірақ жетекші орынға шынайы психикалық үрдістердің дамуын шығарады. Демек, аталған зерттеулер негізінде біз орыс ғалымы А.Н. Леонтьевтің анықтамасын ұсынамыз: «Тұлға – таным, толғаныс және дүниеге деген көзқарас негізінде дүниені өзгертуші субъект ретіндегі нақты адам» деп келтіреді [2, 193].

Олай болса, «Тұлға өзінің қоршаған ортаға, қоғамдық ортаға, басқа адамдарға деген қарым-қатынасымен анықталады. Бұл қарым-қатынастар адамдар іс-әрекетінде жүзеге асады... Адам қаншалықты өзінің қоршаған ортаға қарым-қатынасын саналы түрде анықтаса, ол соншалықты тұлға болып табылады» делінген [3, 243-245].

Демек, «Тұлға – бұл адам болмысының идеалды ерекше формасы. Ол адамға субъективтілік сапасын береді, яғни өзінің себебі болуға, өзінің болмысын дүниеде жасауға мүмкіндік береді» дейді [4, 230].

Осылайша, бұл анықтамаларды талдай отырып, тұлғаны сипаттайтын үш мәнді қасиеттерді анықтауға негіз болды. Олар: бағытталу, іс-әрекет және шығармашылық қабілеттерінің жиынтығы болып табылады. Аталған үш компоненттермен бірге тұлғаның маңызды қасиеті де анықталған: бір тұлғаны басқалардан ерекшелейтін жеке құрылымдар жиынтығынан тұрады. Психологияда бұл қасиеттерді «жекелік, даралық, қабілет» ұғымымен сипаттайды. Жоғарыда айтылған зерттеулерді ғылыми талдауларды саралай отырып, біз «тұлғалық-бағдарлы білім беру» ұғымына мынадай анықтама береміз: тұлғалық-бағдарлы білім беру – бұл оқушы мен мұғалім тұлғасының субъект ретінде танылатын, оның шығармашылығы мен даралығын дамытуға, оқыту үрдісінде оқушының субъектілі тәжірибесін есепке алуға бағытталған білім беру процесі деп айтамыз.

Бейінді оқытудағы тұлғалық-бағдарлы білім берудің педагогикалық негіздерін талдау барысында біз мынадай тұжырымдар жасауға мүмкіндік берді:

- бейінді оқытудағы тұлғалық-бағдарлы білім беру – қазіргі білім беру теориясы мен тәжірибесіндегі бағыт; ол білім беру үрдісінде субъект-субъектілі қарым-қатынастарды жүзеге асыруға бағытталған, яғни педагогтың қоғамдық тәжірибені беруі мен оқушылардың оны меңгеруі барысында екі жақты жеке ерекшеліктерді, мүмкіндіктерді және қажеттіліктерді есепке алу арқылы екі жаққа тең дәрежеде даму және өзін-өзі дамыту мүмкіндігін беретін оқыту процесі. Яғни, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында тұлғалық-бағдарлы технологияны қолдану әдістемесін барлық пәндер бойынша жетілдіру қажет;

- тұлғалық-бағдарлы білім беру технологияларын басқа оқыту технологияларымен байланыста қолдану керек;

Демек, бейінді оқытудағы тұлғалық-бағдарлы білім беруде оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың педагогикалық негіздері проблемаларын зерттеу, оны педагогикалық процесте ұтымды қолдану уақыт аталабы болып табылады. Қоғам сұранысынан туындап отырған талапқа сәйкес оқушының ой-өрісін дамытып, алған білімдерін өз тәжірибесінде жаңа жағдайларда қолдану біліктілігін, ізденімпаз, шығармашыл тұлға қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі мәселесі болып табылады. Мұндағы біздің басты ұстанымымыз – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттеліп, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатындағы стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Яғни, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу – қоғамдағы елеулі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан. –2010. – 7 желтоқсан
2. Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – Москва, 1995. – 296 с.
3. Абульханова-Славская К.А. Деятельность и психология личности. – М.: «Наука», 2000. – 125 с.
4. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы ред. басқарған А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002. – 256 б.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются педагогические основы личностно-ориентационного образования при профильном обучении.

\*\*\*

In given clause the pedagogical bases of personal- orientation educationat profile training are considered.